

«8D01401 – Кәсіби оқыту педагогтарын дайындау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Таш Мехметтің «Коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау» тақырыбы қазіргі жоғары білім беру жүйесінің жаңару үдерісіндегі өзекті бағыттардың бірін қамтиды. Бұл зерттеу аясында кәсіби даярлықтың жаңа мазмұндық үлгісін қалыптастыру – еңбек нарығының қазіргі талаптарына сай келетін, кәсіпкерлік ойлау қабілеті дамыған, икемді, инновацияға бейім және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында білім беру сапасын арттыру мәселесі мемлекет тарапынан қолдау тауып отыр. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруі, кәсіби құзыреттерінің қалыптасуы, азаматтық жауапкершілігі мен адами құндылықтарға негізделген ұстанымдарын дамыту, сонымен қатар өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге дайын болуы – сапалы білім берудің басты көрсеткіштері ретінде айқындалған. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау барысында коллаборативтік ортаны тиімді ұйымдастыра білу – болашақ мамандардың кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды тетік ретінде көрінеді. Мұндай орта студенттердің сауаттылығын арттыруға, өз бетімен шешім қабылдай алуына, бастамашылығын дамытуға және нақты кәсіби-іскерлік әрекеттерге бейімделуіне қолайлы жағдай жасайды. Зерттеу барысында жасалған құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістеменің практикалық маңыздылығы жоғары. Бұл үлгі білім алушылардың теориялық білімін тереңдетін қана қоймай, олардың практикалық қабілеттерін қалыптастыруға, сондай-ақ кәсіби қызметке дайындық деңгейін арттыруға елеулі үлес қосады. Сонымен қатар, студенттердің кәсіпкерлік саласында өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, нақты бизнес-жобалармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал

			етеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен помірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Тап Мехметтің диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» атты ғылымды дамыту бағыттарының бірімен толық үйлесім отыр. Бұл зерттеу жұмысы 8D01401 – Кәсіби оқыту педагогтарын дайындау білім беру бағдарламасы аясында философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған. Аталмыш диссертациялық жұмыс білім беру саласында қазіргі заман талабына сай жаңа ғылыми идеялар мен әдістемелерді енгізуге бағытталған және сол арқылы Қазақстандағы білім беру жүйесінің әрі қарай дамуында маңызды үлес қосады деп бағаланады. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы Алматы қаласындағы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылып, Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2050» стратегиясы мен жоғары білім мен ғылымды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық актілерге толық сәйкестікпен орындалған. Бұл зерттеу жұмысы еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуындағы басты мақсаттарды жүзеге асыруда білім беру жүйесінің ролін арттыруға мүмкіндік беретіндей ғылыми негізделген және жүйелі түрде әзірленген. Тап Мехметтің зерттеуінің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары, өйткені бұл жұмыс білім беру жүйесіне жаңа әдістемелер енгізу арқылы кәсіби даярлық сапасын арттыруға, студенттердің кәсіпкерлік қызметке даярлығын жетілдіруге және олардың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар ретінде қалыптастыруға септігін тигізеді. Зерттеудің нәтижелері білім беру саласында инновациялық өзгерістер жасауға бағытталған, сондай-ақ ол жоғары білім беру жүйесіне оң ықпалын тигізіп, еліміздің білім беру мекемелерінде кеңінен қолдануға болатын әдістемелер мен тәжірибелерді ұсынады. Осы себепті, зерттеу жұмысының нәтижелері білім беру жүйесіне енгізу әлеуеті жоғары және болашақта оның ғылыми және практикалық құндылығы арта түсері сөзсіз.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал	Зерттеу барысында алынған ғылыми және практикалық нәтижелер педагогика саласының дамуында маңызды үлес ретінде

		оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	қарастырылуы мүмкін. Ұсынылған кәсіпкерлікке даярлау моделі мен әдістемесі коллаборативті ортада студенттердің белсенділігін, кәсіби өсуін және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл модель білім алушылардың кәсіпкерлік қабілеттерін жетілдіруге, сондай-ақ олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. «Кәсіпкерліктің негіздері» атты элективті курс бағдарламасы, практикалық сабақтар кешені және әдістемелік нұсқаулар оқу үдерісіне енгізуге дайын толық жиынтық ретінде ұсынылды. Бұл жиынтық студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыруға арналған арнайы құралдармен қамтылған және олар оқу барысында тиімді қолданылуға бейімделген. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі педагогикалық тәжірибеде, нақты жұмыс жағдайларында байқалған нәтижелер негізінде дәлелденген. Бұл әдістемелер студенттердің теориялық білімдерін практикада қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қазіргі кәсіби білім беру жүйесіне сәйкес келетін, тәжірибеге бағытталған жаңа шешім ретінде танылуға толықтай лайық. Бұл жұмыс білім беру саласында жаңа әдіс-тәсілдер мен инновациялық модельдерді енгізуге бағытталған және оның нәтижелері білім беру жүйесінің тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етеді деп айқын айтуға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант өзінің диссертациялық жұмысын толығымен дербес орындаған. Зерттеу ғылыми мәліметтер дәл және нақты түрде ұсынылған, ал автордың талдауы мен тұжырымдары ой логикасымен және тілдік сауаттылықпен ерекшеленеді. Ғылыми еңбектерге жасалған толу дәйектілікпен орындалып, алынған деректерге негізделген авторлық пайымдар айқын әрі сәтті баяндалған. Жұмыстың авторы оны өз қолымен жазу барысында жоғары ғылыми мәдениет деңгейін көрсеткен.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазіргі заман талаптарына сәйкес, білім беру үдерісінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және олардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту басты мақсаттардың бірі болып табылады. Жоғары оқу орнындағы оқу жүйесінде студенттердің белсенділігі мен кәсіби бағыттылығы

		кәсіпкерлікке деген бейімділікпен және нақты кәсіпкерлік әрекетке дайындығымен бағаланады. Коллаборативті оқыту – кәсіби дағдыларды дамытуға, өзіндік шешім қабылдай білуге және жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік беретін тиімді әдіс болып табылады. Зерттеу жұмысы осы тұрғыдан алғанда коллаборативті орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау әдістемелік негіздерін жасау арқылы өзектілігін дәлелдейді. Студенттердің кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған тиімді әдістер мен тәсілдерді анықтау және оларды оқу үдерісіне енгізу қажеттілігі туындайды. Бұл жұмыс жоғары оқу орындарында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың теориясы мен әдістемесін терең әрі жан-жақты зерттеген кешенді зерттеу болып табылады. Осылайша, зерттеу тақырыбының өзектілігін толық дәлелдейді.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толыққанды және тереңінен ашып көрсетеді. Жұмыс құрылымы кіріспе, үш бөлім, олардың ішкі тармақтары, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Жетекші идея мен мазмұндық бірлік зерттеу тақырыбының өзектілігі мен логикалық тұтастығын айқын әрі жүйелі түрде көрсетіп, ғылыми жұмыстың құрылымын негіздейді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы зерттеу мақсаты мен міндеттерімен толық сәйкестендірілген. Зерттеудің негізгі мақсаты коллаборативтік орта жағдайында бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздерін анықтау, әдістемесін әзірлеу және оны тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру. Мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер диссертацияның әрбір бөлімінде нақты түрде көрініс тапқан: Кәсіпкерлік қызмет және коллаборативтік орта ұғымдарының мәнін айқындау, бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың теориялық және әлеуметтік-экономикалық негіздерін талдау – бірінші бөлімде қарастырылған. Коллаборативтік орта жағдайында бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке даярлаудың психологиялық және педагогикалық

		аспектілерін анықтау, кәсіби даярлау моделін жасау – екінші бөлімде қамтылған. Коллаборативтік ортада студенттерді кәсіпкерлік қызметке даярлаудың диагностикасын жүргізу, әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-педагогикалық эксперимент арқылы тексеру – үшінші бөлімде жүзеге асырылған міндеттер.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы ұсынылған ғылыми нәтижелермен тығыз байланыста орындалып, бір-бірін толықтырып, дәйектілікпен дамытылған. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның негізділігін дәлелдей отырып, қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалуына толықтай сәйкес келеді. Әр бөлімнің ғылыми мазмұны бір-бірімен өзара үйлесімді түрде байланысқан, логикалық тізбегі мен тұтастығы айқын сақталған. Диссертацияда ұсынылған ғылыми-тәжірибелік қорытындылар тақырыптың өзектілігін айқындай отырып, зерттеу мақсаттары мен міндеттерінің жүйелі жүзеге асуын көрсетеді. Жұмыстың нәтижелері нақты теориялық және практикалық негіздерге сүйене отырып, зерттелін отырған мәселеге тың әрі құнды үлес қосуда.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми шешімдер терең әрі жаңа-жаңа талданған. Кәсіби даярлау мен кәсіпкерлік қызметке қатысты бұрыннан белгілі тұжырымдар мен көзқарастар салыстырыла отырып, олардың жаңашылдығы мен өзектілігі сыни түрде қарастырылған. Зерттеудің теориялық негізін құрайтын бірінші бөлімде, әсіресе, кәсіпкерлік қызмет және коллаборативтік оқыту концепцияларына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне егжей-тегжейлі талдау жасалған. Бұл талдау барысында осы салалардағы бұрынғы зерттеулерге өз пікірін білдіріп, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін көрсеткен. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынған, бұл оның жұмысының ғылыми жаңашылдығын дәлелдейді. Сыни талдау жұмыстың барлық бөлімдерінде айқын көрініс табады. Әсіресе, үшінші бөлімде диссертанттың өз әдістемесін нақты тәжірибеде қолдану, кәсіпкерлік қызметке даярлау моделін тәжірибелік түрде жүзеге асыру, экспериментті

			ұйымдастыру және алынған нәтижелерді сараптау барысында опық жеке ғылыми көзқарасы мен кәсіби шеберлігі айқын аңғарылады. Бұл бөлімде теориялық білімін практикада қолдануы мен ғылыми тұрғыда негізделген әдістемесін жүзеге асырудағы табандылығы мен жауапкершілігі ерекше көрсетілген. Әдістемелік зерттеу барысында алынған нәтижелерді сандық және сапалық тұрғыдан бағалау жұмыстың ғылыми деңгейін арттырып, жаңа көзқарастар мен әдіс-тәсілдер енгізуге мүмкіндік береді. Зерттеудің осы бөліміндегі ғылыми көзқарасы, зерттеу нәтижелерін терең әрі жап-жақты талдау арқылы опық жұмысына қосқан үлесін айқындайды. Әсіресе, диссертанттың ғылыми жұмысының практикалық маңыздылығын арттыратын сындарлы талдауы мен тәжірибелік нәтижелерінің көрініс табуы жұмыстың ғылымға қосқан үлесін толықтай негіздейді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамалар тың мазмұнмен ерекшеленеді және зерттеу саласына жаңа көзқарас ұсынады. Коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздері алғаш рет жүйеленіп, ғылыми тұрғыдан негізделген. Бұл зерттеуде кәсіпкерлікке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, оны практикалық жағдайда қолдануға болатын деңгейде ұсынған. Зерттеу аясында әзірленген «Кәсіпкерліктің негіздері» атты элективті курс оқу үдерісіне енгізіліп, студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Аталған курсқа арналған оқу-әдістемелік кешен – практикалық тапсырмалар, жұмыс дәптері, әдістемелік нұсқаулықтар мен қосымша құралдар арқылы білім алушылардың кәсіпкерлік ойлау қабілеті мен практикалық машықтарын қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, кәсіпкерлікке кәсіби даярлау әдістемесі арнайы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, опық нәтижелері сапалық және сандық деректермен дәлелденген. Бұл әдістеме болашақ мамандардың кәсіпкерлікке бейімделуін, кәсіби дербестігін және икемділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, зерттеу нәтижелері кәсіби

		оқытудың мазмұнын жаңартуға бағытталған, білім беру жүйесіне енгізуге жарамды нақты ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар береді. Осы тұрғыда, диссертациялық жұмыс қазіргі заман талаптарына сай келетін, ғылыми құндылығы жоғары және білім беру жүйесіне нақты үлес қоса алатын зерттеу ретінде бағалауға толық негіз бар.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыста берілген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамалар мазмұны жағынан өзектілігі жоғары және жаңашылдығымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында әзірленген теориялық-әдістемелік тұғырлама мен құрылымдық-мазмұндық модель қазіргі заманғы білім беру талаптарына толық жауап береді және кәсіби оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған. Жұмыста жүргізілген эксперименттік зерттеу әдістемесінің практикалық құндылығын нақты деректермен дәлелдеуге мүмкіндік берді. Экспериментке қатысқан бакалавр студенттерінің кәсіпкерлікке бейімділігі, кәсіби әрекетті жоспарлау, шешім қабылдау, бастамашылық таныту, сондай-ақ командамен өзара әрекеттесу қабілеттері ерекше назарға алынып, «Кәсіпкерлік дағдылар күнделігі» атты бағалау құралы негізінде жүйелі түрде сарапталған. Аталған күнделік – студенттердің кәсіби дағдыларының даму деңгейін кезек-кезеңімен бақылауға, практикалық іс-әрекеттерінің нәтижелерін объективті бағалауға және кәсіпкерлікке қатысты жеке прогрессін мониторингтеуге арналған тиімді диагностикалық құрал болып табылады. Бұл құрал арқылы алынған сандық және сандық көрсеткіштер ұсынылған әдістемесінің жоғары тиімділігін нақты айғақтармен дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері оқу үдерісінде коллаборативтік ортаны тиімді ұйымдастыру арқылы студенттердің кәсіпкерлік ойлау қабілетін, кәсіби дербестігін және еңбек нарығына бейімділігін арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар, ұсынылған әдістеме кәсіби даярлау үдерісіне енгізуге дайын, практикалық қолдануға ыңғайлы және еліміздің кәсіби білім беру саласына оң әсер ете алатын ғылыми-педагогикалық шешім ретінде бағалануы мүмкін.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе	Автордың коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау мәселесін зерттеу барысында ұсынылған

		басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	педагогикалық, әдістемелік және ұйымдастырушылық шешімдері ғылым мен практика үшін тың және өзекті болып табылады. Зерттеу шеңберінде жасалған бұл шешімдер жаңашылдығымен ерекшеленіп, қазіргі кәсіби білім беру жүйесінің талаптарына жауап береді. Ұсынылған ғылыми негіздемелер мен әдістемелік ұсынымдар нақты ғылыми тұжырымдарға сүйенеді және оқу үдерісіне енгізілген элективті курс мазмұны, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар нәтижелері мен рецензияланған ғылыми жарияланымдармен дәйектелген. Бұл зерттеу нәтижелерінің сапасы мен пайдалылығын айғақтайды. Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы да жоғары деңгейде. Бұл бағыттағы тұжырымдар мен әдістемелер екі жоғары оқу орнында жүзеге асырылған тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар барысында апробациядан өткен. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізудің нақты дәлелі ретінде екі енгізу актісі ұсынылып отыр, бұл оның білім беру жүйесінде қолдануға лайықты екенін айқын көрсетеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер мен жасалған тұжырымдар жоғары оқу орындарында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби тұрғыдан дайындау әдістемесін жетілдіру жолында теориялық және қолданбалы тұрғыдан маңызды құндылыққа ие. Бұл ғылыми еңбекте ұсынылған тұжырымдамалық негіздер, әдістемелік бағыт-бағдарлар, қағидалар мен қозғарастар, сондай-ақ әдістемелік ұсынымдар мен тәжірибеге бағытталған нұсқаулықтар кәсіби мамандарды оқыту жүйесінде кең ауқымда пайдалануға қолайлы. Зерттеуде берілген ғылыми-тәжірибелік материалдар жоғары білім беру мекемелерінің оқу үдерісінде, болашақ педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруда, сондай-ақ оқытушылардың заманауи талаптарға сай біліктілігін жетілдіру үдерісінде тиімді түрде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл нәтижелер білім беру жүйесіне нақты енгізуге болатын, тәжірибемен ұпғасқан практикалық шешімдермен ерекшеленеді.
7.	Қорғауға шығарылған	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап	Зерттеу нәтижелеріне негізделі отырып ұсынылған негізгі қағидағтар:

негізгі қағидаттар	беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	1. Коллаборативтік орта аясында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби бейімдеудің теориялық және әдістемелік негіздерін айқындау. Зерттеу барысында кәсіби бағдарлану, бастамашылық және кәсіпкерлік ойлауды қалыптастырудың теориялық тұғырлары жан-жақты талданып, коллаборативтік ортаның мән-мағынасы терең ашылған. Ұсынылған тұжырымдардың ерекшелігі – олардың дәстүрлі қозғарастардан өзгеше болуы, ғылыми жаңалығы және кең көлемде білім беру тәжірибесіне енгізілу мүмкіндігімен дәлелденеді. Жарияланған мақалалар: <i>Impact of Collaborative Entrepreneurship Education on the Financial Risk Taken by University Students. – Industry and Higher Education (UK), 2022, Vol. 36(6), pp. 695–703.</i> • <i>Жаңа инновациялық технологияларды қолдану аспектілері. – «Заманауи кәсіптік білім – құзыретті мамандар» конференция материалдары, Қаскелең, 2019, б. 279–282.</i> <i>Коллаборативті орта: бірінші курс студенттерін бейімдеу мәселесі. – Алматы, 2020, б. 154–160.</i> 2. Коллаборативтік оқыту негізінде кәсіпкерлікке бейімдеудің нәтижелі әдістемесін қалыптастырып, оны оқу процесіне енгізу. Зерттеу шеңберінде әзірленген оқыту әдістемесі тәжірибе барысында тексеріліп, өзінің тиімділігін дәлелдеді. Коллаборативтік оқытудың әдіс-тәсілдері мен белсенді оқыту үлгілері студенттердің кәсіпкерлік қабілеттерін жетілдіруге оң ықпал ететіні нақты көрсетілген. Бұл тұжырымдар ғылыми жарияланымдармен дәйектелген. Жарияланған мақалалар: <i>Кәсіпкерлікті оқытуда коллаборативті әдістің тиімділігі. – ҚазХҚЖОТУ хабаршысы, 2022, №1 (53), б. 157–164.</i> <i>Жоғары оқу орындарында кәсіпкерлікке даярлау жолдары. – Торайғыров университеті, 2022, №4, б. 176–185.</i> <i>Impact of Collaborative Entrepreneurship Education... – Industry and Higher Education, 2022.</i> 3. «Кәсіпкерліктің негіздері» атты элективті курсты әзірлеп, оқу процесіне енгізу.
-----------------------	---	---

		Диссертациялық жұмыста дайындалған элективті курс мазмұны студенттердің кәсіпкерлікке деген қызығушылығы мен бейімділігін арттыруға бағытталған. Курс құрылымы мен әдістемелік кешені оқу тәжірибесінде апробациядан өтіп, өзінің жоғары тиімділігін көрсеткен. Жарияланған мақалалар: Абылайханатындағы ҚазХҚЖОТУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, «Полилингва» баспасы, 2022. – №1 (64). – Б. 239-250. • ISSN 2412-2149 (Print) ISSN 2710-3269 <i>Бакалаврларды кәсіпкерлікке оқыту мәселесі.</i> – Халықаралық конференция, Самарқанд, 2020. • <i>Бакалаврларды кәсіпкерлікке оқыту мәселесі.</i> – Жас ғалымдар семинары материалдары, Қаскелең, 2020. 4. Кәсіпкерлік дағдыларды диагностикалау және бағалау құралдарын әзірлеу. Зерттеу аясында студенттердің кәсіпкерлік қабілеттерін бағалау мақсатында «Кәсіпкерлік дағдылар күнделігі» атты арнайы құрал жасалып, оқу тәжірибесінде тиімді пайдаланылған. Сонымен қатар, тәрбие жұмысына арналған педагогикалық-бағдарламалық кеңесші моделі ұсынылған. Бұл әдістемелік құралдар оқу процесіне жаңаша серпін беріп, бірнеше ғылыми басылымдарда кеңінен дәлелденген. Жарияланған мақалалар: • <i>Кәсіпкерлікті білім беру арқылы жүзеге асыру.</i> – Халықаралық конференция, Лондон, 2021. • <i>Студенттермен тәрбие жұмысын жүргізуде педагогикалық бағдарламаның кеңесшісі.</i> – Л.П. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы, 2022, №2, б. 131–136.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ Әдіснамалық негіздеме Зерттеудің әдіснамалық іргетасы нақты әрі дәйекті түрде қалыптастырылған. Ғылыми жұмыс педагогика, экономика, әлеуметтік психология және кәсіпкерлік білім беру салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен практикалық қағидағтарын үйлестіре отырып құрылған. Зерттеу үдерісінде кәсіби бағдар

		теориясы, коллаборативтік ортаны ұйымдастырудың педагогикалық-дидактикалық негіздері, кәсіпкерлікке оқытудың құрылымдық тұжырымдамасы жетекшілікке алынған. Сонымен қатар, студенттің кәсіпкерлік мапықтарын қалыптастыруда практикалық іс-әрекеттің маңызын айқындайтын қозғарастар мен болашақ маманың кәсіби жетілу кезеңінде кәсіпкерлік құзыреттілікті дамыту теориясы негізге алынған. Жұмыста тұлғалық-бағдарлы оқыту мен құндылықтарға негізделген білім беру ұстанымдары, белсенді оқыту стратегиялары, оқу процесінде визуализация әдістерін қолдану теориясы, интерактивті құралдарды тиімді пайдалану бағыттары мен тұтас педагогикалық процестің ғылыми негіздері жүйелі түрде үйлестірілген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу нәтижелері кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау үдерісін жүзеге асыруға бағытталған. Жұмыс, кәсіпкерлік білім беру саласындағы қазіргі талаптарға сәйкес құрылып, зерттеуші коллаборативтік ортада оқыту әдістерін, белсенді оқыту технологияларын және практикалық дағдыларды қалыптастыруға арналған тиімді тәсілдерді қолдана білді. Зерттеу ғылыми-педагогикалық негіздерге сүйене отырып, таңдалған әдіс-тәсілдердің нақты қолданысын көрсетті және кәсіптік даярлау моделін жаңа тұрғыда ұсынды. Эксперименттік жұмыстар кезеңдер бойынша жоспарланып, мақсаттар мен міндеттердің өзара үйлесімділігі, алынған нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістермен дәлелденуі, жұмыстың жүйелілігі мен әдістеменің тиімділігі қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, «Кәсіпкерліктің негіздері» элективті курсының және «Кәсіпкерлік дағдылар күнделігі» сияқты бағалау құралдарының оқу үдерісіне енгізілуі зерттеудің практикалық маңыздылығын айқындай түседі. Бұл нәтижелер ұсынған педагогикалық шешімдердің жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау жүйесіне енгізілу мүмкіндіктері мен олардың тиімділігін дәлелдейді..
	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік	Теориялық қорытындылар мен әдістемелік шешімдер жоғары оқу орындарының практикалық оқу үдерісіне енгізіліп, тиімді жүзеге асырылған. Зерттеу барысында ұсынылған кәсіби даярлау моделінің тиімділігі Еуразия технологиялық

		зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	университеті (ЕГУ) мен SDU University (СДУ) студенттерімен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы айқын дәлелденді. Эксперименттің нәтижелері диссертациялық жұмыстың қосымшасында ұсынылған енгізу актілерімен расталып, зерттеу жұмысының ғылыми негіздемесін әрі практикалық құндылығын дәлелдеді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш негізгі кезеңнен тұрды: бастапқы (диагностикалық), негізгі (қалыптастырушы) және соңғы (бақылау) кезеңдер. Әр кезең өз кезегінде нақты мақсаттарға бағытталған, жүйелі түрде жоспарланып және жүргізілді. Бастапқы кезеңде студенттердің кәсіпкерлікке бейімділігі мен құзыреттілігі бағаланып, қажетті бағыттар анықталды. Негізгі кезеңде, әлеक्टивті курстың мазмұны мен әдістемелік құрылымы бойынша сабақтар өткізіліп, кәсіби дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен іс-шаралар жүргізілді. Соңғы кезеңде оқу нәтижелері қорытындыланып, студенттердің кәсіпкерлік құзыреттіліктерін қалыптастырудағы тиімділік сарапталды. Алынған нәтижелер ғылыми тұрғыда оңдәліл, математикалық-статистикалық әдістер көмегімен дәлелденді. Бұл әдіс-тәсілдер оқу процесінде енгізілген жаңалықтардың нәтижелілігін нақты көрсетіп, ұсынылған әдістеменің практикалық құндылығын айқындады. Сонымен қатар, студенттердің кәсіпкерлік қызметке деген дайындық деңгейі мен іс-әрекетке бейімділігі жоғары бағаланды. Қорытындысында, зерттеу нәтижелері оқу үдерісінде кәсіпкерлікке даярлаудың тиімді әрі практикалық әдістемелерін енгізудің қажеттілігін дәлелдеп, оқу бағдарламаларына қосымша білім беру құралдарын енгізу бойынша нақты ұсыныстар жасалды.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған		Маңызды ғылыми тұжырымдар мен мәлімдемелер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне, отандық және шетелдік ғалымдардың педагогика мен психология саласындағы еңбектеріне, сондай-ақ сөздіктерге, анықтамалықтарға, энциклопедияларға, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға негізделген. Сонымен қатар, зерттеуде интернет-ресурстар, халықаралық конференциялар материалдары мен ғылыми басылымдар, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым

9	Практикалық құндылық принципі		министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған құжаттар қолданылып, ғылыми тұжырымдардың негізділігі мен дәлдігі дәлелденген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша жап-жақты әдеби шолу жасауды қамтамасыз етеді. Тізім 170 библиографиялық сипаттамадан тұрады және ғылыми, оқу, мерзімдік басылымдар, заңнамалық-нормативтік құжаттар, деректі материалдар, статистикалық деректер, электрондық ресурстар және басқа да сенімді ақпарат көздерін қамтиды. Бұл әдебиеттер тізімі зерттеу жұмысының теориялық және практикалық тұрғыдан терең әрі толыққанды талданғанын дәлелдейді.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңыздылығы оның ғылыми-педагогикалық негіздеріне, зерттеу пәніне сәйкес қолданылған әдіс-тәсілдердің нақты іске асырылуына, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдер бойынша мұқият жоспарлануына, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің өзара үйлесімділігіне негізделген. Алынған бастапқы және қорытынды нәтижелер математикалық-статистикалық әдістер арқылы талданып, ұсынылған әдістемелердің тиімділігі дәлелденген. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау үшін «Кәсіпкерліктің негіздері» эклективті курсына оқу үдерісіне енгізу және оны бағалау мен диагностика құралдарын қолдану зерттеудің нәтижелігін арттырды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы айтарлықтай және алынған нәтижелер білім беру тәжірибесінде тиімді жүзеге асырылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау процесінде, педагогикалық бағыттағы оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде, эклективті курстарды енгізуде, сондай-ақ кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында өткізілетін оқу-тәжірибелік сабақтар мен тренингтерде қолдануға толық негіз береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болыптабылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-	Практикалық ұсыныстар толықтай жаңа және жаңашыл болып табылады: Бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, студенттердің кәсіпкерлік

		75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	күзыреттіліктерін дамыту үшін тиімді бағыттар мен әдіс-тәсілдерді қамтиды. Бакалавр студенттерінің кәсіпкерлік күзыреттілігін қалыптастыру деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құрал ұсынылды, бұл құрал студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын бағалауға және дамытуға арналған тиімді әдістерді ұсынады. Кәсіпкерлікке даярлықты қалыптастыруда жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде тиімді педагогикалық шарттар анықталды, олар оқу үдерісін жетілдіруге және кәсіпкерлік күзыреттілікті қалыптастыруда қолдануға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарында бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке даярлауға бағытталған элективті курс мазмұны мен әдістемесі ұсынылды, бұл курс студенттерге кәсіпкерлік саласында қажетті дағдыларды үйрету үшін тиімді құрылым мен әдіс-тәсілдерден тұрады.
1 0	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1. жоғары; 2. орташа; 3. орташадан төмен; 4. төмен.	Академиялық жазу сапасы өте жоғары деңгейде. Диссертацияның тілі мен стилі ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға толықтай сәйкес келеді. Жұмыстың мазмұнында негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі айқын әрі толыққанды түрде баяндалған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ережелері ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуға арналған стандарттарға сай дәл орындалған.

Шешім: 8D01401 – Кәсіби оқыту педагогтарын дайындау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс толық аяқталған зерттеу сңбегі деп есептей келе, оның авторы Тап Мехметке философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент

Академик Е.А.Бокетов атындағы Қарағанды университеті,
педагогика факультетінің қауымдастырылған
профессоры, 6D012000 – Кәсіби оқыту
мамамдығы бойынша философия докторы (PhD)

